



БЕКІТІЛДІ:

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУАЗИЯ ҚОРЫ» КҚ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

_____ **ТЕМІРБЕКОВ Р.С.**

«13» ақпан 2017 ж.

**«ТЕНГИЗШЕВРОЙЛ» ЖШС ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН «ЖАРҚЫРА»
БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК (ӘК) ЖОБАЛАРНЫҢ
БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже «Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Әлеуметтік кәсіпкерлік» жобаларының байқауын өткізудің барысы мен тәртібін анықтау және сипаттау мақсатында «Орталық Азияның Еуразия қоры» КҚ тарапынан әзірленді.

1. Жалпы Ережелер

- 1.1 Байқауды «Орталық Азияның Еуразия қоры» КҚ өткізеді (мәтінде әрі қарай «Қор»).
- 1.2 Байқауд өткізу Атырау қ. мен Жылыой ауданында әлеуметтік кәсіпкерлік институтының қалыптасуы мен дамуына ықпалдасуға бағытталған.
- 1.3 Байқау Атырау қ. мен Жылыой ауданында әлеуметтік кәсіпкерлерді табуға және қолдауға себептеседі, сонымен қатар, қоғамның, заң шығарушы және атқарушы билік органдарының, кәсіпкерлердің (кіші, орта бизнес), бейкоммерциялық ұйымдар мен БАҚ-тың әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік мәселелерді шешу мен қоғамда ұзақ мерзімді оң өзгерістерге қол жеткізудегі қызметіне назарын аудартады.

2. Ережеде қолданылатын терминдер мен түсініктер

Тұжырымдама (байқауға өтінім) – әлеуметтік кәсіпкерлік жобасының идеясын байқаудың бірінші айналымына өткізу формасы. Ол келесі бөлімдерден тұрады: әлеуметтік бизнес идеяның сипаттамасы; тұжырымдаманы ӘК-тің критерилеріне сәйкестігін тексеру; өтінім беруші туралы ақпарат.

Бизнес – жоспар – болжамды бизнестің қысқа, түсікінті және қол жетімді сипаты, жобаны іске асыруда болашақты қалаулы нәтижені таңдауға және оған қол жеткізудің құралдарын анықтауға мүмкіндік беретін, үлкен көлемдегі әр-түрлі жағдайларды қарастырудағы маңызды құрал болып табылады. Байқаудың 2-ші айналымына өткен Қатысушысы толтырып, ұсынады.

Жобаның бюджеті – Жобаны жүзеге асыруға қажетті материалды және еңбек шығындарының бағасы.

Іріктеу – негізгі жобалық қызметті атқаруға өтініш берушілердің бәсекеге қабілеттірек және тиімдірек ұсынысын анықтаудың айқын тетігі.

Сарапшы комитет (СК) – демеушінің өкілдерінен, байқау саласындағы сарапшылардан, байқау жүргізіліп жатқан жобаның мақсаттары, міндеттері, бюджетті және басқа де шектеулері туралы ақпаратты меңгерген мамандардан тұратын байқау шеңберінде ізденушілерді таңдау бойынша шешім қабылдайтын комитет.

Өтініш беруші – байқауға қатысуға өтініш берген, Атырау қаласы немесе Жылыой ауданы территориясында қызмет жасайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Байқау құжаттамасы – Байқауға қатысуға берілген Жобаларға қойылатын талаптар мен бағалаудың өлшемдері және Байқаудың талаптары мен тәртібі көрсетілген құжаттар жиынтығы (Өтінім, Бизнес-жоспар).

Due Diligence – өтініш берушінің ұйымының қаражатты басқара алу және қайтару қабілетінің деңгейі мен потенциалын анықтау мақсатында өтініш беруші туралы қолжетімді ақпаратты терең талдау. Осы бағалау барысында ішкі ережелер мен қорды бөлу тәртібі, ұйымның құрылым (басшылықпен қатар), қаржы және есеп саясаты, этика кодексі және қызметкерлердің жүріс-тұрысы, мүдделер жанжалы, ішкі бақылау жүйесі

және осы сияқты жобаларды жүзеге асырудың бұрынғы тәжірибелері қарастырылуы мүмкін.

Байқаудың жеңімпазы – әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жобаны жүзеге асыратын, Байқаудың барлық кезеңдерінен өтіп СК шешіміне сәйкес қаржылау қолдауға ие болған қатысушы.

Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жоба (ары қарай – «Жоба») – өз қызметінен кіріс алу арқылы жоспарланған мерзімде өзін-өзі өтеушілікке жетуге мүмкіндік беретін экономикалық тұрақты бизнес-үлгіні құру арқылы қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге\жеңілдетуге және жалпы өмір сапасын көтеруге бағытталған жоба. Әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жоба білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экология, өнер, балалар мен жастар, халықтың осал топтары (мүгедектерге, қамау орындарындағы тұлғаларға, баспанасы жоқ тұлғаларға, мигранттарға, жұмыссыздарға, жалғыз басты аналарға, мүгедек балалардың ата-аналарына және т.б. көмек көрсету) салаларынада ұсынылуы мүмкін.

Қаржыны алу үрдісі – бұл Байқаудың Жеңімпазының командасы мен Қор қызметкерлерінің бірлескен жұмысының нәтижесі. Жобаларды қаржыландыру кепіл немесе кепілгерлік ұсынумен, үш жылға берілетін пайызсыз, қайтарымды қарыз беру негізінде жүзеге асады.

Стартап – компания – Жоба бойынша операциялық қызметі бір жылға дейінгі және жыл болатын өтініш беруші.

Байқауға қатысушы – тапсырылған Өтініші негізінде Байқауға қатысуға жіберілген, осы Ерженің №1 Қосымшасында баяндалған талаптарға сай келетін өтініш беруші.

Әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға берілетін пайызсыз қарыздың келісім-шарты (ары қарай «Шарт») –әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға қаржыландыру беруде Қор сүйенетін ресми құжат. Шартта жалпы ережелерден бөлек келесі түсініктер қамылған: 1) жобаның мақсаты және қолданылатын іс-әрекеттер; 2) қаржыландырудың бюджеті немесе сомасы; 3) жобаның ұзақтығы; 4) есептілікке қойылатын талаптар. Бағдарламаны жүзеге асырудың басқа да заңды шарттарды немесе қосымшалар қосылуы мүмкін (жобаның күтілетін нәтижелерімен қатар).

Мүдделер жанжалы – жобаны қаржыландыру / мердігерлерді таңдау /пайда алушыларды іріктеу туралы шешімді іріктеудің нақты бір қорытындысына айқын немесе ықтимал жеке мүддесі болуына байланысты әділетсіз болуы мүмкін адамдар қабылдағанда пайда болатын жағдай (қоғамдық және жеке мүдделер жанжалы). Қор Қамқоршылар кеңесі, байқаудың Сарапшы комитетінің мүшелерімен, мемлекеттік лауазымды тұлғалармен, Қор қызметкерлері немесе олардың жақын туыстарымен (жұбайы, балалары, ата-аналары, туған бауырлары), сонымен қатар тікелей немесе жанама түрде жоғарыда аталған кез-келген тұлғалардың бақылауындағы жеке ұйымдармен келісім-шартқа отыруға немесе грант беруге тиым салады.

Есептілік – байқау жеңімпаздарының Қорға тапсыратын есебі. Аналитикалық және қаржылық есептеп тұрады. Аналитикалық есеп жүзеге асқан қызмет түрлері туралы ақпараттан, нәтижелерден, есеп беру мерзіміндегі индикаторларды салыстырудан тұрады. Қаржылық есеп байқау жеңімпазның есеп беру мерзіміндегі әкімшілік

шығындармен қатар қандай-да бір қызметтерді жүргізудегі шығындарының тізімінен тұрады.

Жоба презентациясы – осы Ережеде баяндалған жобаларға қойылатын талаптарға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жоба туралы ақпаратты жеткізетін қысқаша баяндама (ұзақтығы 3 минуттан аспайды). Бұл міндетті талап емес, бірақ өтінімді қарастырғанда ескеріледі.

«ЕОАҚ» КҚ – «Еуразияның Орталық Азия қоры» Корпоративті Қоры

«Тенгизшевройл» ЖШС – «Тенгизшевройл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

3. Байқауды өткізудің мақсаты, мерзімі және географиясы

- 3.1 Байқауды өткізудің мақсаты қаржыландыру үшін әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаларды іріктеу, сонымен қатар Жобаларды жүзеге асыру мерзімінде әлеуметтік кәсіпкерлерге ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету болып табылады.
- 3.2 Байқаудың бірінші кезеңі және 25 жартылай финалистерді іріктеу (2017 ж. наурыз айы). Байқаудың екінші кезеңі және 8 жеңімпазды іріктеу (2017 ж. маусым айы).
- 3.3 Байқау ҚР аумағында, нақтылап айтқанда Атрау қ. мен Жылыой ауданында өтеді.

4. Байқаудың қатсушылары

- 4.1 Байқауға ҚР (Атырау қ. мен Жылыой ауданы) аумағында тіркеліп, өз қызметін жүзеге асыратын, жоба құнына кепілдік қоя алатын немесе кепілгерлік тарта алатын және Байқауға әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы Жобаларды ұсынған бейкоммерциялық ұйымдар, коммерциялық ұйымдар (кіші және орта кәсіпкерліктің субъектілері), жеке кәсіпкерлер қатыса алады.
- 4.2 Байқауға қатыса алмайды:
 - Мемлекеттік ұйымдар
 - Саяси партиялар мен одақтар
 - Діни топтар мен секталар
 - Жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлерден басқа)


5. Жобаларға қойылатын талаптар

- 5.1 Байқауға қатысуға берілген жобалар келесі тараптар сай болулары тиіс:
 - 5.1.1 Жоба ҚР ҚР аумағында, нақтылап айтқанда Атрау қ. мен Жылыой ауданында жүзеге асуы және қоғамдағы оң әлеуметтік өзгерістерге қол жетуге ықпалдасулары тиіс.
 - 5.1.2 Жоба қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге/жеңілдетуге; ұзақ мерзімді, тұрақты, оң әлеуметтік өзгерістердің пайда болуына; халықтың және/немесе өз қабілеттерін дамыту үшін ерекше қолдауды қажет ететін халықтың әлеуметтік қорғалмаған таптары/топтары мен адамдардың өмір сапасын көтеруге бағытталуы тиіс¹.
 - 5.1.3 Жобаның осы аймақтағы әлеуметтік мәселелерді шешудегі тәсілінде нақты бір жаңашылдығы болуы тиіс.
 - 5.1.4 Жобаның ҚР басқа аймақтарына және облысың басқа аудандарына тираждауға әлеуеті болуы тиіс.
 - 5.1.5 Жоба Қор тарапынан қаржыландыру аяқталғаннан кейін өз бетінше қызмет атқара алатын қаржылай тұрақты бизнес-үлгіні жасауға бағытталуы тиіс, табыстың 70 % жуығы көрсетілетін ақылы қызметтер немесе жұмыс түрлерінен түсуі тиіс. Табыстың 60% әлеуметтік кәсіптің дамуына қайта инвестициялануы тиіс.
 - 5.1.6 Жобаның бюджеті Өтініш берушінің өз қаржатынан көрсетілген соманы қамтамасыз етуі тиіс (өз үлесі):

¹ 5.1.2 – 5.1.5 тармақтарында ӘК критерилері көрсетілген

- Қызмет етіп жатқан бизнес-компания **міндетті түрде** сұралып отырған қаражаттың 20% кем емес сомасын
 - Стартап-компания **өз қалауымен** сұралып отырған қаражаттың 20% кем емес сомасын
- 5.2 Байқау шеңберінде келесідегідей сипаттағы жобаларға қолдау көрсетілмейді:
- 5.2.1 Ұйымның тікелей әлеуметтік нәтижесі жоқ коммерциялық қызметін жүзеге асыру;
 - 5.2.2 Басқа ұйымдардың несиелік/қарызды қоржындарын толтыру және олардың несие беру жүйесін құру және/немесе басқа жобаларды/ұйымдарды қаржыландыруға бағытталған қызметтерін қаржыландыру;
 - 5.2.3 Ғылыми зерттеулер жүргізу; әр түрлі әдістемелерді әзірлеу;
 - 5.2.4 Басқа ұйымдарға және/немесе жеке тұлғаларға грантмейкинг (грант беру, қайырымдылық) көрсету;
 - 5.2.5 Қолжазбаларды жазу, баспаханада басып шығару (жоба бойынша негізгі қызмет ретінде)
 - 5.2.6 Журнал, кітап, газет шығару (жобаның негізгі бизнес-идеясы ретінде);
 - 5.2.7 Саяси немесе діни қызметті жүзеге асыру, этникалық топтарды қолдау және т.б.;
 - 5.2.8 Жынысы, нәсілі, дін тұтуы, жасы және сексуалды бағыттануының белгілеріне қатысты дискриминацияға алып келуі мүмкін қызметті жүзеге асыру;
 - 5.2.9 Сайлау кампанияларындағы лоббилауды қолдау;
 - 5.2.10 Саяси партиялардың қызметі;
 - 5.2.11 Сот даулары мен үрдістерін қаржыландыру;
 - 5.2.12 Террорлық әрекеттер;
 - 5.2.13 Ойын және көңіл көтеруге бағытталған бизнес;
 - 5.2.14 ҚР Заңнамасымен тиым салынған басқа да қызмет түрлері;
- 5.3 Қор Өтінімде көрсетілген ақпараттың дәлдігін тексеруге және заңмен тиым салынбаған жолдар арқылы ұйым туралы қосымша мәліметтер алуға хақылы. Жасырылған немесе жалған ақпарат табылуы Қордың Өтінімді және/немесе бизнес-жоспарды қарастыруды тоқтатуына жеткілікті себеп болып табылады.
- 5.4 Қатысушы Байқауға өткізген құжаттары қайтарылмайды.
- 5.5 Қор жобаны кез-келген кезеңде себептерін түсіндірмей Байқаудан алып тастауға құқылы.

6. Байқауды өткізудің кезеңдері



6.1 Барлық мүдделі тұлғалар ЕОАҚ (Қазақстандағы) www.ef-ca.kz сайтында байқаулар бөлімінде хабарламаларды қадағалап жүру қажет. Қосымша ретінде байқаудың әр хабарламаға талаптары мен шарттары мазмұндалатын байқау құжаттамасы қоса

тіркеледі. Ықтимал өтініш берушілер байқаудың талаптары мен шарттарын қатаң түрде сақтаулары тиіс.

- 6.2 **БІРІНШІ КЕЗЕҢ.** Өтініш беруші жобалардың концепциялары байқауына Өтінішті толтырып sp2016@ef-ca.org электронды поштаға жібереді. ЕОАҚ өз кезегінде түскен Өтініштің Байқаудың талаптарына және ӘК критерилеріне сәйкестігін тексеріп, жиналыс ашады. Жиналыстың нәтижесінде 25 жартылай финалистер таңдалады.
- 6.3 **ЕКІНШІ КЕЗЕҢ.** Байқаудың келесі кезеңінде іріктелген Қатысушылар бизнес-жоспар толтырып Қорға жібереді. Бизнес-жоспарды толтыру кезеңінде бекітілген тізімге сәйкес бірқатар міндетті құжаттар қарастыруға өткізілуі тиіс (тізім осы Шарттың №1 Қосымшасының 2 тармағында көрсетілген).
- 6.4 Отырыста СК 25 қатысушының презентацияларын тыңдайды². Алдын ала олардың бизнес-жоспарларын талдайды. Бағалаудың ұсынылған критерилері бойынша әр қатысушыға дауыс береді: әлеуметтік маңыздылығы (30%); бизнес құралдар арқылы мәселені шешудің ұсынылған жолының тиімділігі (20%); жобаның тұрақтылығы (серіктестердің ынтымақтастық туралы келісім-шарттардың, сату жоспары және т.б. болуы) (20%); презентацияның нандырарлығы және көшбасшылық қабілеттері (10%); өз үлесінің болуы, кепіл қою немесе кепілгерлік тарту (20%). Әр қатысушы бойынша дауыс беру аяқталғаннан кейін СК барлық мүшелерінің орта балы есептеледі. Ең жоғары бал жинаған Қатысушылар (8 адамға дейін³) жеңімпаздар болып жарияланады. Жеңімпаздар барлық қатысушылардың презентациясы және дауысқа салудан кейін жарияланады. Келесі бес қатысушы резервті тізімге кіреді.
- 6.5 ОАЕҚ командасы әр түрлі дереккөздерден алынған фактлерді тексеру, ақпаратты талдау және салыстыру түрінде **Due Diligence** жүргізеді. Байқау өтініміне қатысты ақырғы шешімге ықпал ете алатын дәйексіз мәліметтер табылған жағдайда ЕОАҚ командасы жеңімпазды байқаудан алып тастау туралы шешім қабылдайды. Бағалардың қорытындысымен резервтегі тізімдегі кандидат таңдалады.
- 6.6 СК оң шешім қабылдаған жағдайда байқаудың ақырғы нәтижелері ОАЕҚ www.ef-ca.kz ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланады. Сонымен қатар, байқаудың барлық жеңімпаздары жазбаша түрде ақпарат алады.
- 6.7 Байқаудың жеңімпаздарымен жобаларды қаржыландыру бойынша келісім-шартқа отыру СК шешімі мен отырыстың хаттамасы негізінде жүзеге асады.

7. Әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға берілетін қаржыландырудың келісім-шарты (ары қарай «Шарт»)

- 7.1 Әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға берілетін қаржыландырудың келісім-шарты (ары қарай «Шарт») – әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың «Жарқыра» бағдарламасында жоба қызметін жүзеге асыруға ақшалай қаражатты мақсатты беру туралы жазбаша келісім⁴.
- 7.2 Шарттың құрлымы:
- Шарттың негізгі бөлігі
 - Қосымша 1 (Төлемдерді жүргізу және есеп беру кестесі, жобан егжей-тегжейлі сипаттауы)
 - Қосымша 2А (Толық бюджет)
 - Қосымша 2В (Жалпы бюджет және қаржылай есептілік формасы)
 - Қосымша 2С (Қарызды өтеу кестесі)
- 7.3 Сонымен қатар, байқау жеңімпаздарымен Кепіл қою және\немесе кепілгерлік тарту туралы келісім-шарт жасалады.

² 25 қатысушы – байқаудың бірінші айналымының жеңімпаздары.

³ Қаржыландырылатын қарыз саны берілген бюджеттердің сомасына байланысты болады. Жалпы грант қоры 19 440 000 теңге құрайды.

⁴ Егер 3 жыл ішінде қарыз қайтарылмаса, алушыда қарыздың толық сомасындағы табысы пайда болады. Бұл табыс «күмәнді міндеттемелер» аталады, және заңды тұлға одан корпоративтік табыс салығын, ЖК жеке табыс салығын төлеуге міндеттелді

Негізгі бөлімде нормалар мен талаптар мазмұндалады. Жоба жүзеге асырлунда осы нормалар мен талаптарға сәйкес болуы қажет.

Қосмша 1 (Төлемдерді жүргізу және есеп беру кестесі, жобан егжей-тегжейлі сипаттауы). Бұл форма төлемдерді жүргізудің тәртібін және есеп берудің ақырғы мерзімдерін көрсетеді, сонымен қатар қарастырылған, келісілген және бекітілген болжанған қызмет пен күтілетін нәтижелер сипатталады. Осы қосымшаға қол қоюда СК түсініктемелері мен ескертулерінен бөлек қандай-да бір түзетулер мен өзгертулерге жол берілмейді. Жоспарланған іс-шаралардың шығындарының болжамы бойынша Қор төлемдер кестесін жасайды. Аванс ретінде жүргізілген бірінші төлемнен басқа барлық төлемдер Қор командасы аналитикалық және қаржылық есептерді қабылдағаннан кейін жүргізіледі. Өтінім беруші барлық есептерді уақытында және тиісті формада өткізуге мүдделі болу тиіс, жобаны ары қарай қаржыландыру осыған байланысты болады.

Қосымша 2А (Толық бюджет). Бұл формада жоспарланған қызметке сәйкес толық бюджет жасалады. Сонмен қатар, бұл форма мезгіл ішінде іс жүзінде жүргізілген шығындарды талдауға қажет қаржылық есептерді беру уақытында толтырылады.

Қосымша 2В (Қаржылай есептілік формасы). Аталған форма Қорға қаржылай есептілік беру барысында пайдаланылады.

Қосымша 2С (Қарызды өтеу кестесі).

- 7.4 Шартқа қол қойғаннан кейін өтініш беруші шарттың барлық тармақтарымен мұқият танысып, және сұрақтар туындаған жағдайда Қорға хабарлағаны жөн.

8. Жобаларды қаржыландыру мен қолдау шарттары

- 8.1 Байқау жеңімпаздарына әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобалар Байқауына жіберілген жобаларды жүзеге асыруға Қормен бекітілген мөлшерде пайызсыз қарыз беріледі.
- 8.2 Өтініш беруші, Байқауға жіберілген жоба аясында **бір жылдан аса** операциялық қызметі бар және Байқау шеңберінде бірінші жобаны қаржыландыруға өтінім беруші ретінде **3 100 000 теңге** мөлшерінен аспайтын көлемде қарыз сұрауға құқылы.
- 8.3 Байқауға жіберілген **Стартап-жоба** (тәжірибесі бір жылдан төмен) жобаны қаржыландырудың ең жоғарғы мөлшері **1 550 000 теңгеден** артық емес.
- 8.4 Байқаудың жеңімпазы ҚР Салық Комитетіне барлық салықтық міндеткерліктерді өз мерзімінде төлеуге міндетті. Салықтарды мерзімінен кешіктіру немесе төлемеу жағдайында Орындаушы, ол туралы Қорды хабардар ете отырып, пайда болған жағдайды өз бетінше шешеді.
- 8.5 Қаржыландыру шарттары Қормен бизнес-жоспар мен қаржы жөніндегі кеңесшілердің ұсыныстарына сәйкес әр жобаға жеке бекітіледі.
- 8.6 Қаржылық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында әрі қарайғы қаржыландыру аударылатын шот банкте ашылуы тиіс.
- 8.7 Байқау жеңімпаздары құқықтық, қаржылық мәселелер, стратегиялық жоспарлау мәселелері және Жобаны жүзеге асырумен байланысты басқа да сұрақтар бойынша консультациялық (консалтингтік) қолдауға ие болады.

- 8.8 Консультациялық қолдаудың формалары мен механизмдерін Қор әрбір Байқау Жеңімпазына жобаның ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып жеке анықтайды.
- 8.9 Қор Байқау Жеңімпаздарына бару, ішкі есептілік жүйесін пайдалану мен қаржыландырудың мақсатты пайдаланылуын растайтын (контрагенттермен шарттардың, төлем шоттарының, төлем тапсырмаларының, тауар жөнелтпе құжаттарының және т.б. көшірмелері) сәйкесінше құжаттарға сұрау салу арқылы әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаны жүзеге асыру мерзімінде берілген ақшалай қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына бақылау мен Жобаның жүзеге асырылу мониторингін жүргізеді.
- 8.10 Әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жоба білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экология, өнер, балалар мен жастар, халықтың осал топтары (мүгедектерге, қамау орындарындағы тұлғаларға, баспанасы жоқ тұлғаларға, мигранттарға, жұмыссыздарға, жалғыз басты аналарға, мүгедек балалардың ата-аналарына және т.б. көмек көрсету) салаларына іске асырылуы мүмкін.

9. Бөлінген қаражаттарды пайдалануға қойылатын шектеулер

9.1 Жоба бюджетіне келесідей шығындар қосымайды:

- Қаржыландыруды алу сәтінде Байқау Жеңімпазына тиесілі қарыздарды жабу, шығындарды қайтару, тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар) және кез келген өзге несиелік қарыздарын төлеу;
- Эндаументтер (мақсатты капиталдар) мен сақтық қорларын құру;
- Жобаны жүзеге асыру мерзімінде капитал салымы орын алатын объектілер (жер, жылжымайтын мүлік), құрылысты жеке меншікке алу;
- Байқау Қатысушысының әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаны жүзеге асырумен байланысы жоқ ағымдағы шығындары.

9.2 «Жарқыра» бағдарламасының шеңберінде Қор жобаны жүзеге асырумен байланысты еңбекақы, салықтар, айналым капиталы, лицензиялар, кеңсе жабдықтары, құрал-саймандар және т.б. шығындарды жабуды шектемейді. Алайда бюджетті құрастыру барысында жеңімпазға қаражаттарды төмендегідей үлестіру ұсынылады:

Жоба бойынша тікелей шығындар (құрал-жабдық, франшиза сатып алу, қызметкерлерді оқыту және т.б.)	75%
Жанама шығындар (кеңселік, әкімшілік шығындар, жалға алу, коммуналдық шығындар, еңбекақылар)	25%-дан көп емес⁵
Қорытынды	100%

Өтінім беруші жобаны жүзеге асыру барысында бюджеттің басым бөлігін тікелей әрекеттерге, атап айтқанда 75%-ын жоба бойынша тікелей шығындарға бағыттауы тиіс.

⁵ Бұл баптың шығындары Өтінім берушінің үлесі болған жағдайда рұқсат етіледі

Орталық Азияның Еуразия Қоры (ОАЕК) нұсқаулықтың мәтінін толықтай дайындайды және құжатта көрсетілген ішкі ережелер мен бағдарламаларды басқару жөніндегі рәсімдерге сай әрекет етуге міндеттеледі.

Аталған ереже (нұсқаулық) кімге арналады? Ереже (нұсқаулық) «Жарқыра» бағдарламасының болашақ өтінім берушілеріне арналады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша кімге хабарласқан жөн? Аталған Нұсқаулық бойынша даулы сұрақтар туындаған жағдайда, оларды төмендегі эл.мекен-жайлар бойынша Жоба жөніндегі менеджерге жібере аласыз:

Айгуль Тагатова
Бағдарламаның жетекшісі
aigul@ef-ca.org
sp2016@ef-ca.org

Қосымшалар:

1. «Әлеуметтік кәсіпкер» жобалар байқауын өткізудің жалпы ережелері (Өтінім берушілерге қойылатын талаптар) Қосымша (№1).

**«ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕР» ЖОБАЛАР
БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

1. Байқауға қатысу үшін Өтінім берушілерге қойылатын ресми талаптар. Байқауға қатысуға өтінім жібере отырып Өтінім беруші өзінің төмендегі талаптарды орындайтындығын растайды.

Өтінім берушілер санаты	Өтінім берушілерге қойылатын талаптар	Өтінім беруші бола алмайды
<p>Атырау қ. мен Жылыой ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын Коммерциялық ұйымдар және Жеке кәсіпкерлер</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте тіркелу; - ҚР резиденттері; - Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 29 қазанындағы №375-V «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі» Кодексіне сәйкес шағын және орта бизнес субъектісі болуы, сонымен қатар Байқау қатысушысы бола алатын коммерциялық емес ұйыммен құрылған коммерциялық ұйымдар; - Қормен үлестес болмауы; - жойылу немесе банкроттық рәсімінің болмауы (Қатысушыға қатысты жою туралы шешімнің болмауы; Қазақстан Республикасының дәрменсіздік (банкроттық) туралы заңнамасына сәйкес қатысушыда дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің болмауы және/немесе ұйым/жеке кәсіпкерге қатысты банкроттық туралы іс қозғалмауы; - ұйым/жеке кәсіпкердің сот дауының қатысушысы болмауы және Өтінім беру күнінде ұйым қызметін тоқтатудың жоқтығы; - бюджеттік төлемдер және мемлекеттік бюджеттен тыс Қорлар бойынша қарыздардың жоқтығы; - жобаның жетекшісі жасы 18-ден үлкен және 65-тен жоғары емес тұлға болуы тиіс. 	<p>- Мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ несие ұйымдары, сақтандыру ұйымдары, инвестициялық Қорлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, ломбарттар; өнімдерді бөліске салу жөніндегі келісімдердің қатысушысы болып табылатын ұйымдар; ойын бизнесі, акциздік тауарлар өндірісі мен өткізу, пайдалы қазбаларды өндіру мен өткізу саласында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ұйымдар</p>
<p>Атырау қ. мен Жылыой ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын Бейкоммерциялық ұйымдар</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте тіркелу; - ҚР резиденттері; - Қормен үлестес болмауы; - Жойылу немесе банкроттық рәсімінің болмауы (Қатысушыға қатысты жою туралы шешімнің болмауы; Қазақстан Республикасының дәрменсіздік 	<p>- Мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес қатаң түрде белгілі бір мақсаттар үшін (арнайы құқыққа ие болу) құрылатын коммерциялық емес ұйымдар, әлеуметтік кәсіпкерлік</p>

	<p>(банкроттық) туралы заңнамасына сәйкес қатысушыда дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің болмауы және/немесе ұйым/жеке кәсіпкерге қатысты банкроттық туралы іс қозғалмауы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұйым/жеке кәсіпкердің сот дауының қатысушысы болмауы және Өтінім беру күнінде ұйым қызметін тоқтатудың жоқтығы; - Бюджеттік төлемдер және мемлекеттік бюджеттен тыс Қорлар бойынша қарыздардың жоқтығы; - Жобаның жетекшісі жасы 18-ден үлкен және 65-тен жоғары емес тұлға болуы тиіс; - Жоба ұйымның жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. 	<p>тұжырымдамасына сәйкес келмейтіндер (коммерциялық ұйымдардың ассоциациялары немесе одақтары, діни бірлестіктер, саяси партиялар, кәсіби одақтар (кәсіподақтар), сауда-өндірістік палаталар, бейкоммерциялық акционерлік қоғамдар, жергілікті қауымдастықтар Қорлары және т.б.)</p>
--	---	---

2. Бизнес-жоспармен бірге берілетін құжаттардың тізімі

Қойылатын талаптар	Растайтын құжаттар
МІНДЕТТІ ҚҰЖАТТАР	
<p>Заңдық құқық қабілеттілігін растау</p>	<p>Салық салудың қалыпты жүйесін пайдаланатын ұйымдар ұйымның құзыретті тұлғасымен куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ағымдағы Жарғы; - арнайы рұқсатты қажет ететін қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар; - бас бухгалтердің құзыретін растайтын құжат; - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік; - Жобаны жүзеге асыруға қажетті өндірістік және басқа да ғимараттардың бар екендігін растайтын құжаттар, өтінім берушінің аталған ғимараттарды қандай негізде пайдалануы туралы шарттарын (жалға алу – мерзімі және құны, меншік) көрсете отырып. <p>Жеңілдетілген салық салу жүйесін пайдаланатын ұйымдар ұйымның құзыретті тұлғасымен куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ағымдағы Жарғы; - арнайы рұқсатты қажет ететін қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар; - бас бухгалтердің құзыретін растайтын құжат; - Жобаны жүзеге асыруға қажетті өндірістік және басқа да ғимараттардың бар екендігін растайтын құжаттар, өтінім берушінің аталған ғимараттарды қандай негізде пайдалануы туралы шарттарын (жалға алу – мерзімі және құны, меншік) көрсете отырып. <p>Жеке кәсіпкерлер салық салудың барлық жүйелерінде ЖК куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; - арнайы рұқсатты қажет ететін қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар; - Жобаны жүзеге асыруға қажетті өндірістік және басқа да ғимараттардың бар екендігін растайтын құжаттар, өтінім берушінің аталған ғимараттарды қандай негізде пайдалануы туралы шарттарын (жалға алу – мерзімі және құны, меншік) көрсете отырып.

Қаржылай тұрақтылық	<p>Салық салудың қалыпты жүйесін пайдаланатын ұйымдар ұйымның құзыретті тұлғасымен куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қорға ұсынардан 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берілген бюджеттің алдында салықтар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары бойынша және әлеуметтік жарналар бойынша қарызының жоқтығы туралы салық органынан\egov анықтамасы; - Шотының бар екендігін растайтын банктің анықтамасы.
	<p>Жеңілдетілген салық салу жүйесін пайдаланатын ұйымдар ұйымның құзыретті тұлғасымен куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қорға ұсынардан 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берілген бюджеттің алдында салықтар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары бойынша және әлеуметтік жарналар бойынша қарызының жоқтығы туралы салық органынан\egov анықтамасы; - Шотының бар екендігін растайтын банктің анықтамасы
	<p>Жеке кәсіпкерлер салық салудың барлық жүйелерінде ЖК куәландырылған келесідей құжаттардың көшірмесін ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қорға ұсынардан 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берілген бюджеттің алдында салықтар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары бойынша және әлеуметтік жарналар бойынша қарызының жоқтығы туралы салық органынан\egov анықтамасы; - Шотының бар екендігін растайтын банктің анықтамасы

3. Байқауға Өтінім беруші/Қатысушы жобаны жүзеге асыру үшін бірлесіп орындаушылар мен қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы

4. СК келесі жағдайларда Өтінім беруші/Қатысушыны жобаны қаржыландыру туралы шартқа қол қойылғанға дейінгі кез келген кезеңде шеттетуге құқылы:

- Байқау Қатысушысымен берілетін құжаттардағы ақпараттың жалғандығы анықталған жағдайда;
- Қорға қатысты бедел тәуекелдері бар ақпараттар анықталған жағдайда;
- Қатысушы сот дауының тараптарының бірі болып табылған жағдайда;
- банкроттық белгілері анықталған немесе қатысушыға – заңды тұлғаға қатысты жою рәсімін жүргізу фактісі анықталған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының әкімшілік заң бұзушылықтар туралы Кодексінде белгіленген тәртіпте Қатысушының – заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату фактісі анықталған жағдайда;
- Қатысушы Байқау шарттарын бұзған басқа да жағдайларда.

5. Өтінім беру арқылы, Өтінім беруші:

- Байқау туралы аталған Ережені және құпиялылық туралы Келісімді қоса алғанда Байқаудың барлық шарттарымен келіседі;
- байқау Қатысушыларына қойылатын талаптардың орындалуы расталады (Ереженің 1 тармағы);
- Қор сұратқан қосымша ақпараттарды дәл мерзімінде беруге міндеттеледі;
- Қордың шақыруымен Байқау шеңберінде және ҚР әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту Бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылатын шараларға (семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және т.б.) қатысуға міндеттеледі;

6. Өтінім немесе бизнес-жоспар құрамында берілетін құжаттар қатысушыға қайтарылмайды.

7. Қор коммерциялық құпияны құрамайтын ақпараттардан бөлек өтінімдердегі ақпаратты зерттеу және статистикалық мақсаттарда пайдалану, сонымен қатар ақпараттық материалдарды құрастыруда, соның ішінде www.ef-ca.org сайтында жариялау құқығын өзіне қалдырады. Коммерциялық құпия мен жеке мәліметтерді (аты-жөнінен бөлек) құрайтын ақпарат Өтінімде көрсетілмеу керектігіне назар аударамыз. Жобалардың бизнес-жоспарларындағы ақпаратты жариялау тек Өтінім беруші/Байқау Қатысушысының келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Өтінім беруші/Байқау Қатысушысымен коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат берілген жағдайда, мұндай ақпаратқа қатысты Өтінім берушімен коммерциялық құпия режимі енгізілгені туралы Өтінім беруші Қорды жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

8. Өтінім беруші Байқау туралы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі жағдайында Байқауға қатысуға жіберілмейді, соның ішінде:

- Өтінімді ұйымның/жеке кәсіпкердің құзыреттілігі жоқ тұлғасының беру жағдайында;
- Өтінімді Байқау Қатысушысы бола алмайтын, Байқау туралы Ереженің №1 Қосымшасының 1т. көрсетілген талаптарға сай емес тұлғаның беруі жағдайында;
- толық толтырылмаған өтінімді беру жағдайында.

9. Байқаудың екінші кезеңіне жіберілген және дайын бизнес-жоспарды қарауға жіберген Байқау Қатысушысы келесідей жағдайларда Байқауға әрі қарай қатысуға жіберілмейді:

- құжаттардың толық емес жиынтығын жіберуі;
- Байқауға ұсынылған құжаттарда дерексіз ақпараттардың болуы;
- толық толтырылмаған бизнес-жоспарды ұсыну.

10. Қор жеке бастамасымен Байқау туралы Ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.